

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**



**Қылмыстық іс материалдарын сотқа жібергенге
дейін зерделеу**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қосшы, 2024

ӘОЖ
КБЖ

Рецензенттер:

Н.Т. Джубанов - Батыс Қазақстан облысы прокуратурасының мемлекеттік айыптауды қолдау және апелляциялық сатыға қатысу басқармасының бастығы;

А.В. Сырбу - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жалпы құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

ISBN

Д.Х. Найманова, Ш.А. Өтеміс

Қылмыстық іс материалдарын сотқа жібергенге дейін зерделеу: әдістемелік ұсынымдар/ Д.Х. Найманова, Ш.А. Өтеміс - Қосшы: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы 2024.— __ б.

Бұл ұсынымдар прокурорларға сотқа жібергенге дейін қылмыстық істердің материалдарын зерделеуге көмектесу үшін әзірленген. Қылмыстық процестік заңнамасына сәйкес кінәні дәлелдеуге және дәлелдемелерді дұрыс бекітуге ерекше назар аударылады.

Құқық қорғау органдары академиясының тыңдаушыларына оқу процесінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалайтын, мемлекеттік айыптауды қолдауды жүзеге асыратын прокуратура органдарының қызметкерлеріне қолдану үшін ұсынылады.

ӘОЖ
КБЖ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2024 жылғы _____ № ____ хаттамасы) жариялауға ұсынылды.

ISBN 978-601-81143-4-2

© Құқық қорғау органдары академиясы, 2024
© Д.Х. Найманова, Ш.А. Өтеміс, 2024

Мазмұны

Кіріспе.....	5
I. Қылмыстық іс материалдарын сотқа жібергенге дейін зерделеу алгоритмі.....	6-12
II. Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестердің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстық істерді зерделеудің жекелеген аспектілері.....	12-14
III. Тонау және қарақшылық істерін зерделеу ерекшеліктері.....	14-20
Қорытынды.....	21
Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....	22-23
Қосымшалар.....	24-28

Ұсынымда келесі аббревиатуралар қолданылады:

ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

ҚР ҚПК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі

ҚР ЖС НҚ – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы

СДТТБТ – сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі

ЖТӘ – жасырын тергеу әрекеттері

СДТТБТ АЖО – сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі
автоматтандырылған жұмыс орны

СХС – сот-химиялық сараптамасы

е-ҚІ – электронды қылмыстық іс

Кіріспе

Қылмыстық процесс қылмыстық құқық бұзушылық СДТТБТ-ге тіркелген кезден басталып, үкім немесе қаулы заңды күшіне енгенде аяқталады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган сотқа дейінгі сатыда ҚР ҚПК-нің 24-бабының талаптарын қамтамасыз етуге тиіс.

Осыған ұқсас талаптар прокурор мен сот үшін де көзделген.

Қылмыстық істер бойынша заңды, әділ, негізді түпкілікті сот актісіне қол жеткізу үшін қылмыстық іс материалдарын мұқият зерделеу және сотта мемлекеттік айыптауды сапалы қолдау қажет.

Ұсынылған қылмыстық іс материалдарын зерделеу алгоритмі шектеулі емес, өйткені әрбір істің ерекшелігі болады.

Ұсынымдарға қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың мән-жайларын, қылмыс құрамының бар-жоғын және күдіктінің осы іс-әрекетке қатыстылығын дәлелдеу үшін мемлекеттік айыптаушымен толтырылатын қажетті анықтама қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының қоса берілген тізбесі істі зерделеу кезінде пайдалану және қолдану үшін қажет (№1 қосымша).

Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестердің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша істерді зерделеу барысында прокурормен назар аударуға жататын есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатындағы немесе өткізу әрекетін растайтын негізгі дәлелдемелер мен процестік құжаттар ұсынылған.

Сонымен қатар ұсынымда тонау және қарақшылық істері бойынша қылмыстық істерді зерделеу ерекшеліктері, сондай-ақ олардың бір-бірінен айырмашылығы көрсетілген, себебі бұл қылмыстар ұқсас болып табылады және олардың дұрыс саралануы әділеттілікті қалпына келтіру үшін үлкен маңызға ие.

Қылмыстық заңнаманың негізгі міндеттері мен қағидаттарын, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асыру мақсатында прокурорлардың қылмыстық істерді сапалы зерделеп, дұрыс құқықтық баға беруі өте маңызды.

I. Қылмыстық іс материалдарын сотқа жібергенге дейін зерделеудің алгоритмі

Сотқа дейінгі тергеп-тексерумен аяқталған қылмыстық істі прокурор сотқа жібергенге дейін мұқият тексеруі тиіс.

Тергеудің қорытынды құжаттарын, ондағы бекітулер мен келтірілген дәлелдемелерді іс материалдарымен байланыстыра отырып, қылмыстық процестік заңнаманың талаптарына сәйкестігін тексеріп, құқықтық тұрғыдан зерделеуі қажет.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтайтын процестік құжатпен (айыптау актісімен немесе есебімен) танысу істің көлемі мен күрделілігін, дәлелдемелерді жинау ерекшеліктерін, жәбірленуші, күдікті мен қорғау тарапының ұстанымын (тұрақтылығын, өзгергіштігін) анықтауға мүмкіндік береді.

Жауап алу хаттамаларын топтастыру (көп эпизодты немесе адамдар тобында) қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның көптеген айғақтарын, олардың өзгерістерін, бекітілген дәлелдемелердің дұрыстығын, жол берілуі мен салыстырмалылығын, дәлелдемелердің болуын немесе болмауын анықтауға мүмкіндік береді.



Тергеу жүргізетін адамның процестік өкілеттіктерін тексере отырып, келесілерге назар аудару керек:

- тергеушілердің, анықтаушылардың деректері (ҚР ҚПК-нің 59-63-баптары);
- тергеу немесе жедел-тергеу тобын құру, әсіресе жедел-тергеу тобы басшысының өкілеттіктерін және ол жүргізген процестік әрекеттер мен қабылданған шешімдерді тексеру (ҚР ҚПК-нің 194-195-баптары);
- тергеу әрекеттері хаттамаларының күні (ҚР ҚПК-нің 119, 123-баптары);

- оларды СДТБТ-да тіркеу деректерімен, өндіріске қабылдау туралы қаулылармен (ҚР ҚПК-нің 198-бабы), тергеу тобына тергеуді тапсырулармен (ҚР ҚПК-нің 194-195-баптары), жекелеген тапсырмалар бойынша іс-қимылдар жүргізулермен салыстыру қажет (ҚР ҚПК-нің 188-бабы);

- жинақталған дәлелдемелердің жол берілуін (ҚР ҚПК-нің 3-бөлімі 15-тарауы).

Сотталушыдан, жәбірленушіден, куәгерлерден, сарапшылардан жауап алудың әдістемесі мен тактикасын таңдау, дәлелдемелерді зерттеу тәртібін (реттілігін, көлемін) анықтау, қорғау нұсқаларын болжау, оны теріске шығару және т.б. іс материалдарын оқу мен зерделеулер жазбалармен (күні және т.б. көрсетілген үзінділермен) сүйемелденуі тиіс.

Атап айтқанда, іс бойынша (эпизодтар, қатысушылар бойынша) дәлелдеуге жататын мән-жайларды бөліп көрсетіп, оларды нақты белгіленгендермен салыстырып, ҚР ҚПК-нің 24-бабының талаптарын орындау үшін қажетті мәселелер мен іс-қимылдар шеңберін айқындау орынды.

Іс материалдарын зерделеу кезінде:

- әрбір құжатты өткізіп алмай, мұқият оқып шығыңыз;
 - мәтіннің мазмұнын толық түсіну керек;
 - процестік құжаттардың заң талаптарына сәйкестігін тексеріңіз;
 - тиісті тұлғалардың қолтаңбаларының болуын, жасалған күнін, уақыты мен орнын тексеріңіз;

- жауап алу өндірісінің заңдылығына және жауап алынған адамдардың айғақтарының сәйкес келмеу деректеріне, олардың айғақтарында қайшылықтардың болуына назар аудару қажет (ҚР ҚПК 26-тарауы).

Жоғарыда айтылғандардың барлығын кесте, сұрақтар мен жауаптар түрінде жазып алу ұсынылады.

Ыңғайлы болу үшін сотта дұрыс әдісті жүргізуді жоспарлау және таңдау үшін қоса берілген анықтаманы толтыруға болады (№2 қосымша).

Қылмыстық іс материалдарын сапалы тексеру мен зерделеу нәтижесіне жауапқа тартылған адамның және тұтастай алғанда бүкіл қылмыстық процестің тағдыры тікелей байланысты.

Қылмыстық істі зерделеу кезінде келесі мән-жайларға назар аудару қажет:

- жәбірленушінің, оның ішінде жекеше-жариялы істер бойынша арыздың, өтініштің болуы (ҚР ҚПК-нің 32, 180-181-баптары);

- істер бойынша тергеулік талабының сақталуы (ҚР ҚПК-нің 24-тарауы);

- сот ісін жүргізу тілінің сақталуы (ҚР ҚПК-нің 30-бабы);

- құпиялылық туралы талаптарды орындау және қауіпсіздік шараларының қамтамасыз етілуі (ҚР ҚПК-нің 12-тарауы);

- қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша процестік ерекшеліктерінің сақталуы (кәмелетке толмағандарға (ҚР ҚПК-нің 56-тарауы), есі дұрыс емес адамдарға (ҚР ҚПК-нің 54-тарауы), сондай-ақ қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға (ҚР ҚПК-нің 57-тарауы));

- құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша қарым-қатынас тәртібі туралы талаптардың сақталуы (экстрадициялау, сұрау салулар, тергеу әрекеттерінің хаттамалары және т. б. (ҚР ҚПК-нің 12-бөлімі);

- қылмыстық қудалау субъектілерінің, жәбірленушілердің, олардың өкілдерінің процестік құқықтарының сақталуы (кәсіби қорғау құқығы, азаматтық талапкер және жауапкер деп тану, іс жүргізу әрекеттеріне қатысу, іс материалдарымен танысу, өтініштерді шешу және т. б. (ҚР ҚПК-нің 9-тарауы);

- қылмыстық қудалау органының процестік әрекеттерінің СДТБТ-да тіркелу (ҚР ҚПК-нің 23-тарауы), өндіріске қабылдау және дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыру бойынша ҚР ҚПК-нің белгіленген нормаларына сәйкестігі:

- қарау (оқиға орны, тірі адам, мәйіт және т. б.) (ҚР ҚПК-нің 27-тарауы);

- үй-жайларды тінту және жеке тінту (ҚР ҚПК-нің 31-тарауы);

- заттай дәлелдемелерді алу (ҚР ҚПК-нің 220-бабы, 31,33-тарауы);

- заттай дәлелдемелерді тану (ҚР ҚПК-нің 123,221-баптары);

- беттестіру (ҚР ҚПК-нің 218-бабы);

- тану (ҚР ҚПК-нің 29-тарауы);

- эксгумация (ҚР ҚПК-нің 28-тарауы);

- сараптамаларды тағайындау және жүргізу (ҚР ҚПК-нің 35-тарауы);

- үлгілерді алу (ҚР ҚПК-нің 34-тарауы);

- айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау әрекетін жүргізу, тергеу эксперименті (ҚР ҚПК-нің 32-тарауы);

- мүлікке тыйым салу (ҚР ҚПК-нің 161-164-баптары);

- бұлтартпау шарасын таңдау (ҚР ҚПК-нің 14-бөлімі);

- тергеу мерзімдерін тоқтата тұру (ҚР ҚПК-нің 45-бабы);

- қылмыстық істі немесе қылмыстық қудалауды тоқтату (ҚР ҚПК-нің 35-36, 288-баптары, 36-тарауы);

- қылмыстық қудалауды қайта бастау (ҚР ҚПК-нің 36-тарауы 291-бабы);

- қылмыстық істерді біріктіру (ҚР ҚПК-нің 43-бабы);

- қылмыстық істі бөлектеп алу (ҚР ҚПК-нің 44-бабы).

Көрсетілген іс жүргізу әрекеттері негізділік, уәжділік, жүйелілік және заңдылық тұрғысынан тексерілуі керек.

Назар аударыңыз:

- күдіктінің немесе айыпталушының жеке басы туралы деректерді зерттеудің толықтығына (жеке басын куәландыратын құжат бойынша тексеру), әсіресе қылмыстық жауаптылық басталатын жасына (ҚР ҚК-нің 15-бабы, ҚР ҚПК-нің 300-бабына ескерту);

- жәбірленушінің, оның өкілінің жеке басы туралы деректерді зерттеудің толықтығына;

- бұлтартпау шарасының негізділігі және мерзімдердің сақталуына (4-бөлім, 6-тарау, ҚР ҚПК-нің 192-бабы);

- іс-әрекеттерді құқықтық бағалаудың негізділігі мен заңдылығына (саралануы);

- қылмыстық іс материалдарының айыптау актісінің немесе есептің мазмұнының сәйкестігіне (ҚР ҚПК-нің 299, 302-1-баптары);

- талап қоюды және мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың қабылдануына (ҚР ҚПК-нің 161-164,171-баптары);

- іс материалдарында қамтылған құжаттар тізімдемесінің толықтығы мен дұрыстығына (ҚР ҚПК-нің 112-бабының 3-бөлігі);

- дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректердің болуына, олардың құқықтық салдарына (ҚР ҚПК-нің 9-бабы);
- қылмыстық қудалауды болдырмайтын мән-жайлардың болуына (ҚР ҚПК-нің 35-бабы);
- қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болуына (ҚР ҚПК-нің 36-бабы);
- айыптау көлемін қысқарту не ұлғайту, іс-қимылдарды неғұрлым ауыр немесе жеңіл құрамға қайта саралау, жаңа айыптау актісін жасау үшін негіздердің болуына;
- процестік келісім жасасу мүмкіндігіне (ҚР ҚПК-нің 63-тарауы);
- сотқа дейінгі сатыда түскен өтінішхаттар мен шағымдарға (олардың сотта қайта берілу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды (ҚР ҚПК-нің 13-тарауы)).



Мемлекеттік айыптаушы мыналарға көз жеткізуге міндетті:

- іс бойынша жиналған дәлелдемелер қылмыстық қудалау органының адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысы бар деген күдігін толық растайды;
- ҚР ҚПК-нің 113-бабының талаптарына сәйкес дәлелдеуге жататын барлық мән-жайлардың анықталуына;
- дәлелдемелер жан-жақты және объективті зерттеліп, алынған дәлелдемелерге талдау жүргізіліп, олардың қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануына;
- тікелей дәлелдер болмаған кезде жанама дәлелдемелер жиналуына;
- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барлық сатысы қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес жүргізілуіне;
- күдіктінің іс-әрекеті ҚР ҚК-нің тиісті баптарымен дұрыс саралануына.

Тексерілетін және зерттелетін жеке аспектілер:

- оқиға орны тиісті түрде тексерілді ме?
- қорғаушының тергеу әрекеттерін жүргізу туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тарту деректері болды ма, нәтижесінде барлық дәлелдер тексерілген бе?

- барлық сыбайлас қатысушылар анықталды ма, олардың әрқайсысының рөлі қандай?

- күдіктінің басқа қылмыстар жасағаны туралы деректер жоқ па, бұл деректер тексерілді ме?

- хаттамаларда, баянаттарда, түсініктемелерде айтылған тұлғалардың барлығынан жауап алынды ма?

- іс бойынша жүргізілген тергеу әрекеттері жеткілікті ме: қарау, куәландыру, тінту, алу, тергеу эксперименттері, айғақтарды сол жерде тексеру әрекеттері?

- барлық қажетті сараптамалар жүргізілді ме, оның ішінде ҚР ҚПК-нің 271-бабымен көзделгендер?

- сарапшыларға барлық қажетті сұрақтар қойылды ма?

- барлық қойылған сұрақтарға жауап берілді ме?

- сарапшыдан (маманнан) жауап алудың, қайталама, қосымша сараптама жүргізудің қажеті жоқ па?

- сарапшының қорытындысына қажетті материалдар қоса берілген бе?

- барлық қажетті сұраулар, жеке тапсырмалар жіберілді ме, анықтау органдарына тапсырмалар берілді ме?

- олар бойынша жауаптар алынды ма?

- хаттамамен алынған барлық заттай дәлелдемелер, құжаттар, құндылықтар бар ма?

- сараптама мекемелерінен заттай дәлелдемелер алынды ма?

- күдіктіден, айыпталушыдан, өзге де адамдардан алынған іске қатысы жоқ жеке заттар мен құжаттардың тағдыры анықталды ма?

- хаттамаларға схемалар, фото кестелер (қажет болған жағдайда) дайындалды ма?

- іс материалдары дұрыс жинақталған ба?

- күдіктіні сипаттайтын, оның ішінде қылмыстардың қайталануы не қауіпті қайталануы деп тануға негіз болатын деректер қоса тігілген бе (соттылығы туралы талаптар, сот актілері және т.б.)?

- жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды растайтын материалдар тігілген бе?

Қылмыстық істі сотқа жібермес бұрын бейне және аудио жазбаларды зерттеп, оларды алудың заңдылығын тексеру қажет.

Қылмыстық процесс және сот төрелігінің конституциялық қағидаттарының бұзылмағанына көз жеткізіңіз.

Процестік тәртіптің бұзушылықтары анықталған кезде олардың маңыздылығы мен күтілетін салдарын тексеріңіз.

Электрондық қылмыстық істерді Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген «Электрондық форматта қылмыстық сот ісін жүргізу туралы» Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігін тексеру қажет.

Қылмыстық қудалау органы электрондық істер бойынша электрондық құжаттарды е-ҚІ-ге дұрыс, сапалы және уақтылы енгізуді, сондай-ақ PDF-құжатқа

аударылған қағаз құжаттар мен материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сондай-ақ қағаз форматтағы қылмыстық істердің қозғалысын «СДТТБТ АЖО» ақпараттық жүйесімен тексеру және салыстыру қажет.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін қоса тігілген не өзгертілген құжаттар міндетті түрде тексерілуге жатады (сотта алып тасталуы мүмкін).

ҚР ҚПК-нің 323-бабына сәйкес істі прокурорға қайтару үшін негіз болуы мүмкін қылмыстық-процестік заңнамасы талаптарының елеулі бұзушылықтарының бар-жоғын тексеру қажет.

Елеулі бұзушылықтар тізімі ҚР ЖС «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 08.12.2017 жылғы №10 нормативтік қаулысында көзделген.

Мұндай жағдайларға келесілер жатады:

- келіп түскен іс бойынша тергеп-тексеру органы ҚПК-нің 294, 295, 296 және 297-баптарының талаптарын орындамаса және тараптардың мәлімдеген өтінішхаттары бойынша шешім қабылдамаса немесе тергеп-тексеру органның оларды қанағаттандырудан бас тартқанына тараптың уақытында берген шағымын прокурор шешпесе;

- осы нормативтік қаулының 2-1-тармағының түсіндірмелері ескеріле отырып, прокурор айыптау актісіне келісім білдірмесе не осы актіні жасаған тұлға оған қол қоймаса;

- осы нормативтік қаулының 2-1-тармағының түсіндірмелері ескеріле отырып, айыпталушы сотқа берілмесе;

- осы нормативтік қаулының 2-1-тармағының түсіндірмелері ескеріле отырып, сотқа беру туралы қаулыда айып тағылған және айыптау актісі жасалған адамдар толық көрсетілмесе және қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы болмаса;

- күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулы да, айыптау актісін де, сотқа беру туралы қаулы да күдіктінің, айыпталушының жеке басына қатысты мәліметтерді жазу кезінде қателер жіберілсе, сонымен қатар, егер осы процестік құжаттарда күдікті адамға қылмыстық заңның нақты бабы, бап бөлігі мен тармағы тағылғаны көрсетілмесе;

- істе материалдардың тізімдемесі немесе тұрғылықты жерлері көрсетілген сотқа шақырылуға тиіс адамдардың тізімі (ҚПК-нің 97-бабының тәртібімен бүркеншік атымен жауап алынған адамдарды және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды қоспағанда) болмаса;

- істе күзетпен ұсталып отырған күдікті адамның жеке басын куәландыратын құжат болмаса;

- іс материалдары оларды толық оқуға мүмкіндік бермейтін тәсілмен орындалса және сот жоя алмайтын басқа да бұзушылықтар болса, онда қылмыстық-процестік заңды елеулі түрде бұзушылықтар болып танылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу тәртібімен немесе басты сот талқылауы кезінде жасалған процестік келісіммен аяқталған істі прокурорға

қайтарғаннан кейін істі сотқа қайта жіберген кезде прокурордың басты сот талқылауын тағайындауға немесе істі қарауға кедергі келтірген мән-жайлардың жойылуының толықтығын тексеру қажет.

Бұл ретте, іс сотқа қайта түскеннен кейін тағылған айып бойынша күдіктінің кінәсін дәлелдейтін қосымша жаңа дәлелдемелер жинақталғанын сот анықтаса, онда соттың бастамасымен немесе тараптың өтінішхаты бойынша олар жол берілмейтін дәлелдемелер деп танылуға жататынын назарға алу қажет.

II. Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестердің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстық істерді зерделеудің жекелеген аспектілері

Есірткі, психотроптық заттардың және сол тектестердің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар хаттамалық нысанда, анықтау және алдын ала тергеу нысанында тергеледі.

Қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен улы заттардың қоғамдық орындарда медициналық емес мақсатта тұтынылуын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы дайындалуын, қайта өңделуін, иемделуін, сақталуын, тасымалдануын, жөнелтілуін және өткізілуін олардың заңсыз айналымы болып табылады.

Өткізу мақсатында заңсыз сақтау пиғылымен жасалғандығы жөнінде мәселені шешу үшін, бұл заттар, сол тектестер анық өткізуге дайындалғандығын дәлелдейтін айғақтар жинағын арқау ету керек (мысалы, жоғарыда көрсетілген заттар, сол тектестер көп мөлшерде табылса, оларды өзі ғана қолданатынын жоққа шығаратын жағдайда, бөлшектеу, оларды дайындайтын және бөлуге арналған құралдар мен жабдықтардың болуы, кінәлінің өзі есірткіні қолданбайтындығы фактісі т.с.с.).



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №470 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне» енгізілген сол есірткі,

психотроптық заттар мен сол тектестердің заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің мөлшерін анықтағанда Үкімет Қаулысымен бекітілген Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің мөлшерін айқындау кезінде заңсыз айналымда табылған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені негізге алу қажет.

Осы санаттағы істерді зерделеу кезінде ҚР ҚК-де есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді өткізу және өткізу мақсатында жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделгенін ескеру қажет.

Сондықтан есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді өткізу мақсатында жасалған қылмыстық істерді зерделеу кезінде келесі дәлелдемелерді мұқият және егжей-тегжейлі тексеру қажет:

1. Міндетті түрде екі куәгердің қатысуымен есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестердің орын алған жерін қарау және алу хаттамасын;

2. Есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді, заттай дәлелдемелерді қарау мен алудың үздіксіз фотосы мен бейнежазбасын;

3. Тыйым салынған заттарды алу және оларды тергеу әрекетіне қатысушыларға көрсету кезінде арнайы резеңке қолғаптардың қолданылуын;

4. Өзге заттай дәлелдемелерді алу жүргізу кезінде басқа резеңке қолғаптарды пайдалануын (таразылар, құралдар, орауыш қаптар, оқшаулағыш таспалар, магниттер, арнайы құрылғылар және т.б.);

5. Тергеу сотының ұялы телефонды қарау жүргізуге санкция беру туралы қаулысын (телефонды қарау санкция берілгенге дейін жүргізілмеуі керек);

6. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау хаттамасын, сондай-ақ тергеу әрекетінің адвокат пен куәгерлердің қатысуымен үздіксіз жазылған бейнежазбасын;

7. Күдіктіні ұстап алу хаттамасын;

8. Жауап алу хаттамасы және адвокаттың қатысуымен күдіктіден жауап алу хаттамасының бейнежазбасын;

9. Кінәні толық немесе ішінара мойындаған кезде сот-сараптамалық психологиялық-криминалистикалық зерттеу қорытындысының болуын;

10. Куәгерлер мен куәлардан жауап алу хаттамасын;

11. Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді сот-сараптамалық зерттеу қорытындыларын және тыйым салынған заттардың салыстырмалы сараптамасын;

12. Күдіктіге қатысты сот-наркологиялық сараптаманың қорытындысын;

13. Тыйым салынған заттарды өз еркімен беру фактісін;

14. Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді жою туралы қаулы.

15. Анықталмаған адамға қатысты қылмыстық істі бөлектеп шығару туралы қаулының болуын;

16. Заттай дәлелдемелер ретінде танылған барлық CD дискілерде сапалы бейнежазбалардың бар-жоғын.

Есірткі, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді **өткізу бойынша қылмыстық істерді зерделеу кезінде келесі дәлелдемелерді мұқият және егжей-тегжейлі тексеру** қажет:

1. ЖТӨ жүргізу туралы тапсырмасын (бақыланатын сатып алу);
 2. Шартты сатып алушының өтінішін;
 3. Қылмыстық процеске қатысатын адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы қаулысын;
 4. Жеке деректері туралы мәліметтерді алу және оларды қылмыстық істен бөлек сақтау туралы қаулысын;
 5. Сатып алуға дейін шартты сатып алушыны қарау хаттамасын;
 6. Ақшаны табыс ету хаттамасын;
 7. Арнайы құралдарды табыс ету хаттамасын (табыстау дерегі анық бекітілуі тиіс);
 8. Есірткіні өз еркімен беру хаттамасын;
 9. Арнайы құрылғыны алу хаттамасын;
 10. СХС тағайындау туралы қаулысын (таныстыру);
 11. СХС қорытындысын (таныстыру);
 12. Аралас масса, 2 немесе одан да көп эпизодтарда оларды жасау тәсілін;
 13. CD дискіге ЖТӨ жазу туралы қаулысын;
 14. Заңдастырылған ЖТӨ материалдарына ілеспе хатын;
 15. ЖТӨ материалдарын заңдастыру туралы қаулысын (құпиялылық мәртебесінің алыну белгісімен);
 16. Шартты сатып алушыдан жауап алу хаттамасын (бүркеншік есіммен);
 17. Шартты сатып алушымен жүргізілетін бақыланатын сатып алу бейнежазбасында есірткіні сататын адам анық көрінуі және жазба үздіксіз болуы керек;
 18. Сатып алушы мен полиция қызметкерлері тарапынан ықтимал арандатуына назар аудару қажет;
 19. Заңсыз сақталған есірткіні өз еркімен беру фактісін;
 20. Сараптама қорытындыларында қайшылықтардың болуын.
- Сот-химиялық сараптамалардың қорытындыларын зерделеу кезінде есірткі заттары оралған қаптамаларға назар аударып, оқиға болған жерді қарау, тексеру және жеке тінту хаттамаларымен салыстыру қажеттігін атап өту қажет.

III. Тонау және қарақшылық істерін зерделеу ерекшеліктері

Тонау және қарақшылық туралы қылмыстық істерді зерделеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының аражігін дұрыс ажыратып, ұғымын анықтау қажет.

Тонау – бұл бөтеннің мүлкін ашық жымқыру.

Жәбірленуші немесе мүлік қарамағында немесе күзетуінде тұрған адамдар бар кезде не бөгде адамдардың көзінше, бөтеннің мүлкін заңсыз иемденген адам өз әрекетінің заңсыз сипатын аталған адамдар түсінетінін, алайда осы мән-жайларды елемейтінін сезінген кезде жасалған бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену бөтеннің мүлкін ашық заңсыз иемдену, яғни тонау болып табылады. Бұл орайда қылмыстық құқықтық бұзушылықты көзі көргендер кінәлі адам әрекетінің жолын кесу

шараларын қолдануының маңызы болмайды. Қолданылған зорлық-зомбылықтың (күш қолданудың) қауіптілік деңгейіне қарай кінәлі адамның әрекеттері тонау немесе қарақшылық ретінде саралануға тиіс.

Тонау, егер мүлік алынып қойылса және кінәлі адамның ұрланған мүлікті пайдалану немесе өз қалауы бойынша өзгеше билік етуге нақты мүмкіндігі болған кезінен бастап аяқталған қылмыстық құқықтық бұзушылық болып танылады.

Қарақшылық – бұл мүлікті иелену мақсатында жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық жасаумен немесе осындай зорлық-зомбылық жасау арқылы қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау.



Қолданылған зорлық-зомбылықтың (күш қолданудың) қауіптілік деңгейіне қарай кінәлі адамның әрекеттері тонау немесе қарақшылық ретінде саралануға тиіс.

Тонау мен қарақшылықты тергеу барысында мынадай мән-жайларды анықтау және дәлелдеу қажет:

- қылмыс объектісі бойынша — жәбірленуші кім, оған қандай физикалық, моральдық және материалдық зиян келтірілген, қылмыстың салдары қандай, материалдық шығынның мөлшері;

- объективтік жағы — шабуылдың мән-жайы, шабуыл жасаушылардың әрекеттері, олардың құрамы, көрсетілген қарсылықты бейтараптандыру әдістері, қолданылған зорлық-зомбылық нысандары, қылмыскерлер шабуыл болған жерге қалай енгені және қандай жолмен қашып кеткені, олардың шабуыл кезінде болған көліктері болды ма, шабуыл жасаушылардың іс-әрекеттерінде алдын ала жоспарланған әрекеттердің бар-жоғы байқала ма;

- қылмыс субъектісі бойынша - шабуылды кім жасады, қанша адам шабуыл жасады және олардың арасындағы қарым-қатынас қандай, олар ұйымдасқан қылмыстық топқа жатады ма, бұрын осыған ұқсас қылмыстар немесе ұрлық, қорқытып алушылық жасаған ба;

- субъективтік жағы бойынша - қылмыстың себептері мен мақсаты, қылмыскерлердің алдын ала сөз байласуы не үшін бағытталған, қылмыстық топ қалай және қандай мақсатта құрылған.

Көрсетілген санаттағы істерді зерделеу кезінде есепте не сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамасында жазылған сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы ұсынған күдікке назар аудару қажет.

Содан кейін оны іс материалдарымен салыстыру керек, ол үшін оқиға орнын қарау, жәбірленушіден, куәлардан жауап алу хаттамаларын, сараптамалар қорытындысын (бар болған кезде) және басқа материалдарды зерделеу қажет.

Айта кету керек, қарақшылық қылмысының негізгі белгілері адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл, сондай-ақ қару немесе денсаулыққа зиян келтіретін қару ретінде пайдаланылған затты денсаулыққа зиян келтіру үшін қолдану болып табылады.

Ал тонау кезінде жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданылады.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық деп қарумен немесе қару ретінде пайдаланылған, денсаулыққа зиян келтіруге бейімделген өзге де заттармен денсаулыққа зиян келтіруді, сондай-ақ жәбірленушінің денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соққан өзге де зорлық-зомбылықты түсіну керек.

Жәбірленушіге өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда (мысалы, өмірлік маңызды дене мүшелеріне аяқ-қолдарымен көптеген соққылар беру және с.с.) жеңіл зиян келтіріліп, одан айығу үшін ол амбулаторлық немесе стационарлық ем қабылдауға мәжбүр болса, мұндай жеңіл зиян да адам өміріне немесе денсаулығына қауіпті деп танылуы мүмкін.

«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 339 заңына сәйкес және маманның немесе сарапшының қорытындысымен қару деп танылған тірі немесе басқа нысананы жоюға арналған құрылғылар мен заттарды қару деп түсіну керек.

